

398 (=512.122) (092) +

T65
K

ТӨЛЕБИ

Құрастырып, алғы сөзін жазған
Сәрсенбі ДӘУІТҰЛЫ



Алматы
2008



94(574) "17"

ББК 63.3 (5 Қаз)
Ә 22

ТӨЛЕ БИ.

Ә 22 **Құрастырып, алғы сөзін жазған Сәрсенбі ДӘУІТҰЛЫ.**
Алматы: ҚазАқпарат, 2008. — 360 бет.

ISBN 9965-654-72-7


XVIII ғасырда өмір сүріп, көзінің тірісінде алты алашқа әділдігімен аты шыққан өз Төле бидің халқымызға жасаған қыруар қажырлы еңбегін акындар жырласа, ғалымдар зерттеген. Ол бір өзі ғана емес, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке билермен бірлесе отырып, ел игілігі үшін көп шаруа тындырып, артына мол мұра қалдырған үлкен парасат иесі. Оқырмандарға ұсынылып отырған мына жинақта Төле бидің халқымыздың тарихындағы алатын орны жан-жақты көрсетілген.

ББК 63.3 (5 Қаз)

Ә 0503020905
00(05)-07

ISBN 9965-654-72-7

© Дәуітұлы С., 2008
© “ҚазАқпарат”, 2008





Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті

«...Халықтың үш ұлы перзенттері, данқты үш дананың — Төле би Әлібекұлының, Қазыбек би Келдібекұлының және Әйтеке би Бәйбекұлының есімдері біз үшін ерекше киелі. Бұл үш ұлы тұлға қазақтар үшін бірлік пен елдіктің теңдесі жоқ нысанына айналып, олардың дана да күдіретті өсиеттері қазақтың талай ұрпағының ақыл-ойын баурап келеді. Үшеуінің қазақ халқына сіңірген тарихи еңбегіне, олардың біздің тарихымыздағы теңдесі жоқ маңызына жеріне жеткізе баға беру де оңай емес. Халық болып сақталып қалғанымыз үшін, өз ұлтымыздың есімін егемен еліміздің нық иемденгені үшін, тәуелсіздігіміздің туын биік тұғырға бекітіп алғанымыз үшін және де ата-бабамыздың қасиетті жерінде қайырлы ғұмыр сүріп, бейбіт тату күн кешіп жатқанымыз үшін, біз қазақ халқының бүгінгі ұрпақтары түгелдей осы үш киелі тұлғаға қарыздармыз және олардың мәңгі өшпес, жасампаз рухы алдында бас иеміз...»

«...Осы үш ұлы тұлғаның данқты өмірі, халықтың асқақ абыройы мен ар-ожданы және мәңгі өшпес данқы үшін үшеуі жасаған қызмет, үшеуінің табиғи көсемдік дарыны, шешендік өнері, қылдай қиянаты жоқ әділдігі туралы көп айтуға болады. Олардың дана пікірлері, алтынға апталғандай көркем де терен өсиеттері, асыл толғамдары, мінсіз айшықталған ойлары, шабыт толы сөздері ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа ұласа келіп, біздің санамыз бен ділімізге сінді...»

«...Үш ұлы би халық санасына тарихтың тар жол, тайғақ кешуінде бірлігінен айырылған елдің ажал құшары туралы ақиқатты сіңіре білді. Үш ұлы би үш жүздің асау мінезді батырларын ақылға шақырып, сол арқылы халықтың жұмылған жұдырықтай тұтас болуына қол жеткізді...»

«...Біздің де ұлы мақсатымыз — бейбітшілік пен рухани келісім. Егер біздің үш данқты билеріміз Төленің, Қазыбектің, Әйтекенің өз заманындағы ең асқақ мұраты барлық қазақтардың бірлігі болған болса, сол мұрат біздің заманымызда да ең басты мақсат болып қала береді...»

«Егемен Қазақстан»,
1993 жылғы маусымның I-і.





Казыбек би



Төле би



Әйтеке

Кітаптың бас белгілі кәсіпке Оралбек Б

Әділдігі Төленің,
Мысын басқан төренің
Хан, қараға бағынбай,
Істеткен ол дегенін
Ойын толғап Төленің,
Үзбей айтып келемін
Бір ұрпағы Төленің,
Оралбек мырза сен едің.
Жарасымды тұлғаңнан
Жарқын істер көремін
Жетім менен жесірге
Қол ұшыңды бересің
Жоқ-жітікті бір туған,
Бауырыңдай көресің
Қалтаңдағы барыңмен
Олжа салып келесің
Жақсылығың қайтады,
Қызығын талай көресің.
Өмір деген өр теңіз,
Тоқтатпа, бауырым, кемесің.
Қиындықтың бәрін де
Хас батырдай жеңесің
Ақ бозатым ойнақтап,
Жұрт алдында келесің
Жақсы ісіңнің бәріне
Бір Жаратқан төрешің!
Жұрттың қамын ойлаған
Төле биді білесің?!
Аулыңа барып ем,
Азаматтығыңды таныттың
Баласы сендей болса екен,
Қазақ деген халықтың!

Сәрсенбі ДӘУІТҰЛЫ.





ТӨЛЕ БИ (1663-1756)

Әлібекұлы Төле қазіргі Жамбыл облысы Шу өңірінің Жайсаң атты жайлауында дүниеге келген делінеді. Өмір сүрген жері — Шымкент облысы, Ленгір (қазіргі Төле би) ауданы, Ақбұрхан — Орда. Ол — ойшыл, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, казак халқының үлкен билерінің бірі, ақпа-төкпе шешен. Тәуке ханның тұсында Қазак хандығының Ата Заңына айналған әйгілі ”Жеті жарғы” заң жобасын шығарушы кеменгерлердің бірі.

Атамыз Дулат тайпасының Жаныс руынан шыққан, халық ішінде “Жаныс көппе, қамыс көппе” деген сөз бар. Төле тоғыз ұлды Құдайберді әулетінен тарайды. Тарихи шежірелерде Төле биді Шығыс ойшылдарын көп оқыған, Аллаһ Тағала тарапынан түскен “Құрани кәрімді” өте терен, жетік білген, жастайынан халықтың биік қасиеттерін бойына сіңіріп, ауыз әдебиетін мол игерген, әсіресе, мақал-мәтелді, шешендік шешімді көкейіне көп тоқыған адам ретінде айтады.

Төле Әлібекұлы он үш жасында-ақ билік етіп, кесім айтқан. Бұл жағдай былайша сипатталады: “Төле бидің шешесі қайтыс болып, жыл толған соң әкесі Әлібек бәйбішесіне ас береді, үш жүздің баласына үш жүз үй тігеді, үй бас сайын күтуші тағайындап қояды. Әлібек баласын шақырып алып:

— Төле қарағым, ортадағы үлкен ақ боз үйдегі кісілердің қолына су құй, — деп тапсырады. Бала Мамай бидің алдына келгенде сүрініп кетеді, сонда Мамай:

— Е, балам, олжана ортақпыз, асса әкен Әлібекке де қалдырып қой, — депті. Төле сәлден кейін үйге қайта кіріп:

— Дат, тақсыр, — депті.

Мамай би:

— Балам, құлағымыз сенде, — дейді.

Сонда бала Төле:





Таңның таң екенін кім білер,
Сарғайып барып атпаса.
Күннің күн екенін кім білер,
Қызарып барып батпаса.
Орданың орда екенін кім білер,
Мен сияқты қызметші бала
Сүрініп құлап жатпаса.
Иттің ит екенін кім білер,
Жығылып жатқан баланы
Тақымынан алып қаппаса
Бұл сөзім сізге жеткен шығар,
Сүйегіңізден өткен шығар.
Аса қадірлі болсаңыз да,
Қадіріңіз кеткен шығар.
Сұраған сон шекер ме,
Би олжасыз кетер ме?!
Осы сөзім сізге олжа,
Түсінсеңіз жетер де.

Осы оқиғадан кейін Мамай би:

— Е, халайық жаңағы бала кім еді? — деп сұрайды.

Жұрт:

— Әлібек бидің баласы — Төле.

Мамай би:

— Бүгіннен бастап билікті сол балаға бердім, ендігі билеріңіз Төле болады, — депті. (“Егемен Қазақстан”, 15 шілде, 1998 ж.).

Төле бидің билікке келген кезінен бастап қазақ пен жоңғар хандықтары ұдайы бір-бірімен жауласуда еді. Төле Әлібекұлы Ұлы жүз халқын жоңғар басқыншылығына үнемі қарсы ұйымдастырып отырды. Оның қазақ халқын біртұтас біріктіріп, жоңғар шапқыншылығына қарсы ұйымдастырудағы қызметі орасан. Орта жүздің аға биі Қаз дауысты Қазыбек, Кіші жүздің аға биі Әйтекемен бірлесе отырып, ел үшін аянбай еңбек етті. Үшеуі де Тәуке ханның бас уәзірі қызметінде болған. Кезінде Әз-Тәукенің Түркістан шаһарын орталық етіп, үш жүз ұлыстарын бір орталыққа қаратуға, сөйтіп қазақ хандығын күшейтіп, жоңғар-ойрат шапқыншылығына қарсы күреске қарақалпақ, қырғыз, өзбек елдерінің біріккен одағын құру шараларын жүзеге асыруға ат салысты.

Төле бидің ақыл-парасаты “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” кезінде анық көрінді. Ол қазақ жерін басқыншылардан азат етуге үлкен күш салды. Халқымызға елін-жерін қорғауға үндеу тастады. Ел аузында бұл туралы үлкен аңыздар сақталған. Төле би тебіріне отырып:





Қабырғадан қар жауса,
Атан менен нарға күш.
Ел шетіне жау келсе,
Батыр менен биге күш, —

деп толғады.

“Қазақтың төбе биі Шымкент, Түркістан және Ташкент қаласында көпшілік пайдаланылатын ғимараттар салу ісіне белсене араласқан. Төле бидің есімі тек Ұлы жүзде ғана емес, Орта жүз бен Кіші жүздегі ірі-ірі тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Төле бидің денесі өзі он екі жыл бойы билеген Ташкент қаласына, Бабырдың нағашы атасы Жүніс ханның қасына қойылған. Онда Төле биге үлкен ескерткіш орнатылған”. (“ҚСЭ” 11-том, 123-бет).

Ал орыс тарихшысы А.Левшин өзінің қазақтар туралы еңбегінде Төле бидің Жолбарыс хан өлген соң Ташкентті алты жыл бойы билегенін айтады. (Санкт-Петербург, 1832 ж. 2 том).

Енді Қазанғап Байболұлы “Төле бидің тарихы” атты еңбегінде бұл кісінің Ташкенттің түбінен жеті арық қаздырып, егін салдырғанын айта келе, бұл мезгілдің 1718 жыл екенін тиянақтап жазыпты. (“Еңсегей бойлы ер Есім” Алматы, 2005, 230-б.)

Төле бидің қадір-қасиетін жоғары бағалаған Қазыбек бек Тауасарұлы: “Билік жүргізуді, адаммен сөйлесуді, адамға адамша қарауды Төле биден үйрендім. Төленің даналығына таңданбауға болмайтын еді. Ол ең тұйық жерден, туғылдан да шұғыл шығып кете алатын асқан ғақылдың кені болатын. Төледей ұлдың тууы жүз жылда біреу ғана болар. Өйткені оның көп даналығын көрдім. Төле Жантудың Жайылмыс деген атасынан. Одан Қожамберді, одан Құдайберді. Ол заманда би болған, ел арасында ғана емес, сырт елшілікте болған кісі. Оның баласы Әлібектен — Төле би. Жайылмыс-тегі қатты өскен тұқым. Үйсін Төле бидің сүйегі Ташкентке қойылды ” (“Түп-түқияннан өзіме шейін”. 1993 ж. 351-бет).

Халқымыздың бүткіл өткен жолындағы әр түрлі кезеңдерде жыр, мақал-мәтел, аңыз, эпос-жырларын молынан жинаған тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: “Батырда Қаракерей Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Үйсін Төле биден асқан би жоқ” (1177-бума), — десе, Бұқар жырау:

Ал тілімді алмасан,
Ай, Абылай, Абылай.
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.





Үйсін Төле билердің,
Түйесін баққан құл едің, —

(*“Бес ғасыр жырлайды”. 1989 ж. 91-бет.*)

деп жырлайды.

Төле биді өз кезінде хан да, кара да сыйлап өткен. Әсіресе Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер қатты құрмет тұтқан, аға деп сыйлаған, алдын кеспеген. Бұл мәселе билердің “Күлтөбенің басында күнде жиын” болған тарихымыздан белгілі.

Кемеңгер би көптеген хандарды, билерді, батырларды тәрбиелеген. Бұл жөнінде “Сабалақ” атты поэманы еске алсақ та жеткілікті. Төле бидің Абылай ханды тәрбиелегені, оның бақ-талайының артуына қаншама қызмет еткенін осы дастандағы жыр-суреттен көреміз. Абылай ханға Сабалақ деген ат бергені, оны танығаны дастанда жан-жақты айтылған. Төле биден Абылай соғысқа баруға рұқсат сұрайды, Төле би:

— Балам, саған соғыстан жылқы жақсы емес пе? — десе:

— Желпілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалғанша жігіт адамның өлгені жақсы деген соң, Төле батасын беріпті:

Рұқсат бердім, балам, жолың болсын,
Қасыңа Қызыр, Ілияс жолдас болсын.
Бақ алып, абырой алып осы жолы,
Қасыңа қаншама адам қонсы қонсын.

(*“Қазақ әдебиеті”. Хрестоматия, 1944 ж. 216-бет.*)

Шәкәрім Құдайбердиев Төле би жайында: “Түркі, қырғыз, казак һәм хандар шежіресі” атты кітабында “Әбілмансұр жетім бала күнінде “Қазақ елім, Сарыарқа жерім” деп іздеп, үйсін Төле бидің қолына келді. Төле би басында түйе бақтырып, онан соң жылқы бақтырып, ақырында әртүрлі мінездерімен ұнап, бала қылып күтіпті. Кімсің десе, білмеймін деп, атың кім десе “сіз қойған ат атым болсын” деген соң шашы өскен, киімі жыртық балаға “Сабалақ” деп ат қойыпты” (Шәкәрім шежіресі. Орынбор, 1911 ж.).

Кемеңгер би өзінің өмір жолында қаншама тарихи оқиғаларға араласып, қаншама жұртқа, қаншама той-жиындарда бата бергені белгілі! Оның көбі бізге жеткен жоқ, айтылғаны айтылған жерде қалып қойғанға ұқсайды.

Ел ішінде он бес жасқа жаңа толған жас Төлеге бата берген Қыбырай би деп айтылады. Оның себебі он бес жасар Төле би Түркістан қаласына үлкен хан ордасына маңызды шаруамен аттанып бара жатқан кез екен. Қыбырай-Дулат ішіндегі азулы би, атақты шешен болған адам.





Ол батагөй қария, аса сабырлы, ақ дегені – алғыс, көпке жұғымды, ұзақ жасаған жан болыпты. Үлкен өмір сапарына аттанған жас Төлеге Қыбырай атасы былай бата берген екен:

... Ақбоз мінген айдарлым,
Тарпаң туған тұмарлым...
Туралап тартып шығатын,
Алысты жақын қылатын
Көреген көзді бол!
Мыңнан жалғыз қиялап,
Туралап тартып шығатын
Алысты жақын қылатын
Сезеген сары сөзді бол!
Айналаңда ақ еділ
Хақтың жолын ту еткен –
Елің болсын ормандай.
Жау жоқ деме – досыңда,
Дос жоқ деме – жауыңда,
Жүрмегейсің қорғанбай.
Кәмелетке келіпсің,
Еліңе дес беріпсің,
Мүшелдерден адал өт,
Қарияға аман жет.
Қай қиянда жүрсең де –
Осы батам – болсын серт!

(“Ақ бата” 45-бет “Өнер” баспасы. 2002 жыл.)

Сол – Қыбырай бидің атымен бүгінде бір рулы ел түгел аталады. Халық ішінде:

Жетісу келген жерім – Қыбырай елі,

Алатау қойнауында Ыстық көлі, – деп айтылатын атақты ән де – осының дәлелі. Біз білетін тарихи еңбектің ішінде Мұхаметжан Тынышбаевтың 1925 жылы Ташкентте шыққан “Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар” атты шежіресінде “Қыбырай батыр Төле биді билік тағына отырғызған адам деп жазған. Алайда Қыбырайдың батыр емес, Үйсіннің ықпалды биі болғаны, Әлібекұлы Төлеге дейін үлкен биліктің тізгінін ұстағаны, осы тарихи тұлғаның бейіті Ташкенттен 23 шақырым жердегі Қыбырай ауылында жатқаны ақиқат.

Біздің ойымызша, Төле би асқан тапқырлығымен, нәзік сезімталдығымен, биік парасатымен үш жүзге аты тұтас жеткен, көзінің тірісінде Бұқар сияқты жыраудың мадақтауы, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке сынды алты алашқа қадірлі, жалпақ жұртты аузына қаратқан





билердің аға тұтынуы тегін емес. Әлібекұлы Төле би өзінің алдындағы “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би” делініп, ел арасына мақал болған, “Хан біткеннің қазығы, қара бұқараның азығы” атанып келдей-кембағалға пана, қамқор болған Майқы би, Сыпыра жырау, Асан қайғы, Жиренше шешендердің сарқыты еді.

1993 жылдың 27 мамыры күні Ордабасыдағы кездесуде Өзбекстанның президенті Ислам Каримов: “Кеше Нұрсұлтан Назарбаев бауырымыз екеуіміз Ташкенттегі Төле бидің басына барып тәу еттік, бабалар рухына бас идік”, – деді. (Қазақ радиосының қорынан).

Істің мәнін, әңгіменің анық-қанығын білу үшін Ташкентке сапар шектік. Өзбекстан Мәдениет министрлігіне барып, осы істі басқарып отырған Батыр Мансұрұлы Оспановпен сөйлестік. Ол кісі: “Төле би Ташкентте жерленбеген, сол себепті бұрынғы жазуымызды алып тастап, архивімізден XV ғасырда жасаған “Қарлығаш бидің” өзін жаздық”, – дейді. Қай архивтен тапты, ол қай жерде сақталғанын айтпады. Қоштасарда қол алысып тұрып: “Сіз қасиетті бидің Ташкентте жерленгенін дәлелдесеңіз, біз қайтадан Төле биді орнына қоюға дайынбыз”, – деді.

Батыр Оспановтың да, біздің де айтып отырғанымыз бір адам, ол – Қарлығаш би, Төле бидің халық кастерлеп қойған аты. Айырмасы – XVIII ғасырда жасаған “Қарлығаш биді” (бұл – Төле бидің ел қойған лақап аты) XV ғасырда өмір сүрген деп, дәлелсіз, әдейі өзгертіпті. Нәтижесінде, бұл Төле биден үш ғасыр ілгері өмір сүрген басқа бір би болып отыр.

Ал дәл осы күннің өзінде Төле би ауданында, Алматыда, Шымкент, Ташкентте Қарлығаш бидің ұрпағы (Төле би ұрпақтары) саналып жүрген азаматтар аз емес. Түркі халқының Төле биінің күмбезін сақтау – бәріміздің, оның ішінде өзбектің де, қазақтың да ортақ қазынасы емес пе? “Имансыз” кезімізде (кеңес заманында) жарқырап-жайнап тұрған екі ел достығын, егеменді ел болып, Алланы бір, пайғамбарды хак деп танығанда жоғалтып алғанымыз ба?! Төле бидің қасиетті атына, асыл затына кір шалдырмайық, ағайын!” (Егемен Қазақстан. 24.12.1997 ж.).

Бүкіл ғұмырын өлең-жырға арнаған Қазанғап Байболұлы қаршадайынан өнерді мұрат тұтты. Ақынның туған ауылы Қазығұрттың манайы болатын. Бұл жер – көпке мәшһүр тарихи орын. Ол бала жас-тан би мен батырдың, ақын мен әншінің ортасында өскен. Әсіресе көп үшін туған Төле бидің ел аузындағы канатты сөздері Қазанғапты көп ойландырады, ол даңқты бабасының ішкі жан сырын терең сезінуге, оның ел-жұрт деп соққан көңіл күйін барлап түсінуге талпынған. Ақын ұлағатты жанның өмірбаянын, әр жерде айтқан билігі мен ел аузына тарап, мақалға айналған нақылдарын хатқа түсіре бастаған. Қазанғап





Төле би жайлы “Еңсегей бойлы ер Есім” (2005) дастанында ағынан ақтарылып:

Төле дейді ұраным,
Қоғалы дейді тұрағым.
Бәйдібек бай, Жәнібек
Жалғыз ұлы Жарықшак,
Домалақ деген ананың.
Албан, Суан, Дулат боп,
Бөлініп бері шығамын.
Жарылғамыс, Жанту боп,
Жаныстан келіп тарауы, —

деп толғанады.

Халқымызда “Жаныс көп пе, қамыс көп пе” деген аталы сөз бар, Қазанғаптың өзі де жаныс руынан, оның үстіне “ауылы аралас, қойы қоралас”, осы себепті ол ұлағатты жанға қай жағынан да жақын. Ақын “Төле бидің тарихын” жазуға үлкен дайындықпен келген, сөзіміз дәлелді болу үшін оқып көрейік:

Адамның шешен ділмар қара тілі,
Сөз қалмас тауып айтса адамзаттан.
Қарқынды, көркем өлең ағытайын,
Суындай Сырдарияның аунап аққан.
Тарихын Төле бидің баяндайын,
Жақсылар, сөз тыңдаңыз Қазанғаптан.
Ес біліп, етек жапқан күнімнен бір,
Тарихын Төле бидің теріп жүрдім.

Иә, ақынның айтқан сөзінде иненің жасуындай жалғандық жоқ. Төле бидің мықтылығы оның өмір сүрген ортасының, бірге қызметтес болған адамдардың абзалдығынан ба деп қаласыз. Тура бидің қасында өзінің қара басының қамын ойлайтын, ісі жайдақ, сөзі сұйық жандар емес, кілең өресі биік жақсы мен жайсандар, атап айтсақ, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би және Әз Тәуке хандар болған. Осыларды ақын төгілте жырлайды:

Ілгерірек заманда,
Бұрынғы өткен адамда,
Үш би, бір хан атанып,
Қазақ қазақ болғанда.
Күні туып оңынан,





Айы туып солынан,
Кемеріне толғанда.
Ала байрақ, алтын ту,
Ордаға толық қонғанда.
Хан болып Тәуке тұрғанда,
Алатаудың төрінде,
Өрдегі Жаныс елінде,
Атақты ғазиз Төле би,
Бір келіп қапты жалғанға.

Қазанғаптың бұл айтқанына толық қосыламыз, атақты бидің әділдігін, қара қылды қақ жарған турашылдығын Бұқар жырау, Сүйінбай, Жамбылдан бастап, М.Әуезов, С.Мұқанов хатқа түсірген. Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Үйсін Төле биді жоғары бағалаған.

Қазанғап Төле би жайлы көптеген ғұламалардан жақсы сөз естігенін, оның бәрін көкейіне тоқып, көңіліне түйіп келгенін айта келіп, былайша толғайды:

Таусылмас көп сыр естідім,
Адамынан үш жүздің.
Тере берсе табылар,
Әділ кісі болған соң,
Жүрек аңсап сағынар.
Сөз жәрдемін көрсеткен,
Атап айтсам мыналар:
Біріншісі – Бекасыл
Токсан үш жаста жөнеді,
Қоқандағы хандардың,
Төртеуін көрдім деп еді, —

десе, мұнда айтылатын Бекасыл Биболатұлы (1822-1915) — “Жұлдызнама” атты құнды еңбектің авторы. Жасынан оқып-тоқып, қыруар игілікті іс тындырған жан. Бұл кісі де Төле бидің ұрпағы. Кезінде мешіт-медресе ашып, ағарту ісімен айналысқаны ел-жұртқа мәшһүр. Ол кісі дертке дауа іздеген емші де болған. Неше түрлі делбе, қояншық сияқты қиын ауруларды да дұға оқып, дем салу арқылы емдегені, жазғаны ел арасында белгілі.

Біздіңше, Қазанғап тек ақын ғана емес, ол “сегіз қырлы, бір сырлы” білімдар жан, өз кезінде тарихты да терең меңгергені біз сөз етіп отырған “Төле бидің тарихы” атты дастанынан байқалады. Ақын Абылай хан Төле бидің тәрбиесін көргенін, оның жылқысын баққанын, әр түрлі мінезімен ұнап, оның баласындай болғанын жан-жақты жырласа,



Төле би

Домалақ ененің ұрпағына нұр жауғанын қызықты етіп таратып береді.

Біз оқыған ескі деректерде Төлені он үш жасында би болды, содан бастап атақ-абыройы биіктеп, өркен жая бастады деуші еді. Ал Қазанғаптың жырынан Төле бабамыз билікті тоғыз жасынан бастап қолға алғанын байқаймыз. Бұл кісі би атағын алмай тұрып, төрт рет ел ішінде билік жасапты. Мұның ең алғашқысы — екі әйелдің бір балаға таласы көрінеді, екеуі де бір баланы менің балам деп, бір-біріне тұра-тұра ұмтылады-мыс.

Осы кезде тоғыз жасар Төле үлкендерден рұқсат сұрап, сөйлеп кетеді:

Бір билігін қылар ем,
Берсеңдер маған кеңшілік.
Алтын сап қылыш қолына ап,
Балаға қарап секірді,
Ортасынан қақ бөліп,
Екеуіңе берейін,
Мына бала жетімді.

Бұл шешімді естігенде, жұрт тына қалады. Жаңа ғана менің балам деген әйел басқаша сайрады:

— Бөлсең бөлгін деді де,
Қырықбайдың шешесі,
Ойланды, танып кекірді.
Жоғалттым деген бұл әйел:
— Қайда барса, сау жүрсін,
Аман кетсін, — деді де,
Ботадай боздап өкірді.
— Жоғалтқаның, бейшара,
Сенікі рас екен, — деп,
Соған берді баланы.

Төле бидің бұл аса тапқыр билігі ел-жұртқа ұнап, оны бұдан былай “Бала би” атандырады.

Ақынның дастанында жас Төленің екінші билігі оның қой жайып жүрген кезінде болғанға ұқсайды. Төленің әкесі Әлібек биге екі даугер келеді. Бұлардың арасындағы жанжал елтірі туралы болса керек. Екі бай осы елтірінің дауымен үш жыл сергелдеңге түскен. Бірі — “Менің қойымның қозысының терісі” десе, екіншісі — “Жоқ, менің төл тумамның елтірісі” дейді. Бұл дауды ешкім шешіп бере алмайды. Осы





жағдайды естігенде Әлібек би де қайран қалады. Алқа-қотан жиналған ел де үнсіз, мұны естіген бала Төле суырылып ортаға шығады:

Шыдай алмай Төле би,
Тағы көптен тіленді.
Өткір пышақ қолға алып,
Ары-бері толғанып,
Ортасынан қақ жарып,
Теңдей етіп бөледі,
Екеуіне береді.
Ұялып тұрған көпшілік,
“Төрелігі қойшының
Бұзылмайды”, – деп еді.

Тапқырлық, даналық дегеніміз халықта, “ел іші – алтын кеніш”. Әрбір елдің өзінің қазынасы бар, солай бола тұрса да, біздің эпос, аңыз әңгіме, жыр, терме, мақал-мәтел, ертегілеріміздің жөні бөлек. Төле би – халықтан да оқи білген, тоқи да білген кемеңгер. Осы себепті, оның әрбір билігі ел ішінде аңызға айналып, әрбір сөзі мақал-мәтел болып айтылып жүр.

Төле бидің Қазанғап жырлаған үшінші билігі – бір тайлақтың дауы. Екі жақ та біздің түйеден туған деп бет бақтырмайды. Екі інген мен тайлақты өздерімен бірге әкеліпті. Әлібек би куәсі көп жағына бұрып, дауды шешеді, алайда екінші жағы қатты наразы болып бара жатқанын естіп, Төле би жасауыл жіберіп, оларды қайта шақырып алып, берген билігі:

Даугер екі адамдар,
Екі жота басына
Екі інгенді алып бар.
Екі-екіден бұйдалап,
Ұстап тұрсын үш-төрт шал.
Өз қасымнан ұзатпай
Тайлақты мұнда алып қал.
Олар барып тұрған соң,
Тайлақтың, – дейді, – санына,
Қыл шылбырмен бұрау сал.
Жанына қатты батқан соң,
Шыңғырады жануар.
Куәсі бұрын көп жақтың
Түк етпеді інгені.
Айрылып қалған аз жақтың,





Ингені боздап күніренді.
Бұйдасын бұзып жөнөді,
Моншақтай жасы тамшылап,
Иіскелеп келіп тұрды енді.
Риза болды көпшілік,
Қайыл боп әділ төреге,
Осынікі жөн деді.

Төленің бұл билігі оны “Әділ би” атандырады, осыдан бастап мұқым елге данқы тарайды.

Енді біз Қазанғап сөз еткен ғұлама жанның төртінші билігіне тоқталсақ, жеті жыл бойы бәйгенің алдында келген сәйгүлік туралы. Бұл тұлпарға екі бай таласады, бірі мың қойдың ішінен қозысын көріп енесін таниды, енді бірі қалың малға көз салып, оның санын нақты айтып бере алады. Мұның екеуінің де уәжі дұрыс сияқты. Осы себепті қаншама билер істің ақ-карасын ажырата алмайды. Асқан тапқырлығымен Төле өзінің сол кездегі ел тізгінін ұстап тұрған ел ағасы Ақботамен ақылдаса отырып, сәйгүліктің туған енесін алдырады, екі жақ та өз биелерін ұстап тұрады. Ал бәйге атты жоғалттым деген Тойлыбайдың биесі оқыранып тұлпарды иіскейді, ойламаған жерден желінінен сүт ағады. Ақын бұл оқиғаны қызық суреттейді:

Осылай деп шешеді,
Төленің ой-жүйесі.
Екі жақтап шылаулап,
Ұстап тұрды иесі.
Желінінен сүт ағып,
Оқыранып емізді
Тойлыбайдың биесі.
Тарпаң еді бұрыннан,
Босады ма жүйесі.
Сенің малың екен деп,
Осыған Төле береді.

Біз сөз етіп отырған жырда Төленің осы төртінші билігінен кейін оған “Абыз Төле” деген ат берілген көрінеді. Қалай дегенмен де бұл сөздің астарында бір шындықтың жатқаны рас. Мұның ақиқаттығын растайтын халық ішінде “Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім хан жеткен” деген нақыл сөздің өзі де бір дәлел.

Қазанғап Байболұлы қазақ елін тұтас сүйген, қазақ жерін тегіс дәріптеген үш би жайлы айта келіп, былайша жырлайды:





Атақты қазақ үш биі,
Бірінші әзиз Төле еді.
Дүниеде сөзі кем еді.
Мың ауыз сөзге татитын,
Бір ауыз сөзі ем еді.
Бұзылмайтын сөз айтқан,
Шешеннен шешен демегі,
Және әзиз киелі,
Дарып кеткен деуші еді,
Қазыбектің жағына,
Күніне екі адамның
Қара тілі тағы да,
Қаз дауысты демегі.
Онан да өткен Әйтеке,
Қудан ұшқыр, құланнан,
Мұндай шешен болмайды,
Бір сөзін жүз мақалдап,
Сипаттап қандай тіркейді.
Қанша ділмар дегендер,
Ширегіне келмейді.
Бұл үш бимен тең емес,
Қазақтың мінсіз билері, —

деп толғаса, тарихтан белгілі бұл үш бидің алатын орнын дұрыс көрсетіп, дәл сипаттаған. Бір қызығы, бұл тұлғалар бірін-бірі соншама терең таныған, іштей нәзік сезінген. Өйткені бұлар халық үшін туған жандар еді, бүкіл ғұмырын ел тірлігіне, жұрт харекетіне арнағаны белгілі.

Осы жоғарыда аталған үш бидің тұсында бұрынғы ауыр жаза жеңілдетіліп, Тәуке хан басшылығымен “Жеті жарғы” заң жобасы жасалыпты. Осы заңның қалай жасалғаны жайлы Қазанғап ақын өз жырында таратып айтып береді. Енді “Жеті жарғы” заңы қандай мәселелерді көтереді, соған тоқталайық:

Жер дауы баяндайын — біріншісі,
Ру, қоныспенен меншікті ісі.
Иеленген жеріне жанжал болса,
Біреуге басындық қып озбыр кісі.
Үй іші мен баланы тәрбиелеу —
Болған жосын заңының екіншісі.
Ұрлық, қарлық барымта — үшінші заң,
Баян етер бәрін де білген кісі.





Төртінші боп саналған мынау заңы,
Бір халық пен басқа ру болса дауы,
Ұлтын жаудан қорғамақ — бесінші бұл,
Алтыншы, жетінші — құн дауы, жесір дауы.

“Жеті жарғы” заңының жобасын дәл осылай бірден бастап, жетеуіне дейін тізіп айтуы қуантарлық жағдай.

Осы аталған еңбекте Төле бидің көптеген өнегелі істері мен биліктерін біз жоғарыда сөз еткен Бекасыл Биболатұлынан алғанын автор жиі-жиі ескертіп отырған. Бекасыл өз кезінде ел-жұртқа адал еңбек ету, егін егу, бау-бақша өсіру, адаммен дұрыс қарым-қатынас жасау, туыс-туғанға болысу, “әкенің баласы болмай, адамның баласы болуды” Төле биден үйренсе, Қазанғап та осы аталған асыл қасиетті ұстазы Бекасылдан ғибрат ала отырып, өзінің туған ауылына арық қазып, су келтіріп, көптеген игілікті істер атқарған.

Қ.Байболұлы (1889-1945 ж.ж.) туралы мәліметтер әр түрлі газет-журналдарда жарық көрген. Төле би туралы мол материал топтаған, ел аралап, ауыз әдебиет үлгілерін жинаған, (“ОҒК 833, 763, 1112, 513, 1413, 1414-бумалар”), М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына (ӘӨИ, 355-бума) тапсырған. 1979 жылы жарық көрген “Ақын-жыраулар” атты кітапта Қазанғап туралы: “...Шығыс сюжетіндегі кисса-дастандарды көп білген, Ташкент, Шымкент, Түркістан аралығында жыршылық өнерімен мәлім болған. “Төрт дәруіш”, “Еңсегей бойлы ер Есім” сюжетін дастан етіп, өзінше жырлаған. Отан соғысының қаһарманы Сыпатай Қарсақбаевты өлеңмен толғаған. 1943 жылғы республикалық айтыста Нартай Бекежановпен өнер жарыстырған (“Айтыс”, 3-том; 1996 ж.)” делініпті.

Бүкіл ғұмырын ел игілігі, өнер жолына арнап, жастарды елін, Отанын сүйуге үндеген, “Төле бидің тарихы”, “Еңсегей бойлы ер Есім” атты кесек дастандар жазған, “Пернедегі термелер” (1965 ж.) деп аталатын кітапқа “Бау-бақша”, “Дайын бол” сияқты толғаулары енген. Қазанғап Байболұлын әдебиетімізде өзіндік орны бар ақын деп білеміз.

Біз Төле биді бір ғана Қазанғап жырлады десек, қателесеміз, атақты жанды Бұқар жыраудан бастап қаншама ақын-жазушылардың жазғанын, ғалымдардың зерттегенін білеміз. Ақын Кенен Әзірбаев: “**Әз Төле би Дулатқа ұран болған¹**” деп бидің ел ішіндегі сүйіспеншілігін толғаса, атақты жазушы **Әбіш Кекілбаев: “Тығырықтан жол іздеп, Әз Төлеге барып ем²**”, — деп бидің халық ішіндегі ғұламалығын паш етеді. Төле би түгел таратылып айтылды, түбегейлі зерттелді дей алмаймыз,

¹К. Әзірбаев, Аңыздар сыры, “Елорда”, 2000 ж. 80 б.

²Ә. Кекілбаев, “Жалын” жур. Алматы, 1977 ж. № 11-12, 9 б.



Төле би



әлі де талай ақындардың тамылжыта жырлайтыны, талай ғалымдардың терең зерттейтіні сөзсіз.

Төле би өз заманында терең толғана отырып:

Қолыңда болса бар билік,
Қараға залым болмаңыз.
Астыңда болса алтын тақ,
Әділін айтып толғаңыз, – депті.

Біз жасымыз бар, жасамысымыз бар, әз Төле бидің осы ұлағатты толғауын ешқашан есімізден шығармауымыз керек, сонда ғана еліміз нығайып, берекеміз молая бермек, ұрпағымыз өркендеп өсіп, ісіміздің кемелденетіні сөзсіз!

*Сәрсенбі ДӘУІТҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, Д.А.Қонаев атындағы
университеттің профессоры.*





ТӨЛЕ БИДІҢ ТОЛҒАУЫ⁵

Бұл қазақтың даласы
Тегінде нені көрмеген.
Неше бір жайсаң баласы
Шешен де болып сөйлеген,
Көсем де болған ойменен.
Бір-ақ соның бәрі де
Ыдырап жатқан қазақтың
Қоса алмады бастарын.
Бейбіт жатқан елімді,
Жаулап алып қор қылды
Көк атты келіп көлденең.

* * *

Мен боламын дегендер
Ақтамады сенімді.
Көкірек қаққан хандарым
Лауазымға таласып,
Быт-шыт қылды елімді.
Береке-бітім іздеген
Таба алмадым бегімді.
Алауыз болып ағайын,
Аз дұшпаннан жеңілді,
Айтып-айтып кетейін,
Қайыстырды белімді.
Қажетіне жаратса,
Ұрпақтарым кейінгі.

* * *

Теңізге құйса дария
Суынын мол болғаны.
Ел билеген ер жігіт
Сыйласа халқы құрметтеп,
Басына бақыт қонғаны.
Қолында болса бар билік,
Қараға залым болмаңыз,
Астында болса алтын тақ,
Әділін айтып қорғаңыз.

⁵ Төле би. Алматы: Мұраттас “ғылыми-зерттеу” орталығы, 1991 38-42-бб





Тамыры терең кара емен
Қасқая күтер дауылды.
Ақылды шешен сөйлесе,
Таратар түгел қауымды.
Бірлігі мықты ел болса,
Барлығы түгел бауыр-ды.
Ұрпағына үлгі етіп,
Батырыңды жырлап өт,
Жерлеп жеңсе жауынды.
Астыңа берсе алтын тақ,
Еліңнің саған сенгені.
Береке-бітім жолың тап.
Күштің бетін баста деп,
Қолыңа тізгін бергені.

* * *

Лауазымың өссе зорайып,
Адалдықты тұншықтырсаң сол айып.
Елді билеп өскеніңнен не пайда,
Рахатыңды көрмесе
Ағайын мен халайық!
Көпшіл болған ер дана,
Достары болар әр сала.
Өнерліден үлгі алып,
Салдырар сәнді мол қала.
Өнерлімен дос болсаң,
Қиялыңды қозғайды.
Ой-өрісі тар жігіт
Ауылдан асып озбайды.
Береке-бітім ойлаған
Ақылмен болар қолбасшы.
Мансапқұмар оңбаған
Сатып кетер жолдасты.

* * *

Алғаның адал болмаса,
Басыңа бақыт қонбайды.
Екі досты айырған
Түбінде өзі оңбайды.
Көреген болса балаңыз,
Қиынды көзбен болжайды.
Өзіңнен туған ұл мен қыз





Сыйламаса сол қайғы!!!
Наннан асқан тағам жоқ,
Қадірін білген адамға.
Билікті берсең қиратар
Білімсіз соқыр наданға.
Жаныңа батса білерсің,
Қасиетін саулықтың.
Елің тозса білерсің,
Азабы мен қасіретін
Араздасқан жаулықтың.

* * *

Тегімді менің сұрасаң,
Дулаттан тарап өрбіген
Жаныстан шыққан Төле едім.
Араздасқан ағаны
Тату етсем деп едім.
Береке-бітім елімнің
Қүдіреті мен қасиетін
Асқар етсем деп едім.
Токсан түйін тарауды
Шешемін деп шеше алмай,
Қиналып қанша кенелдім.
Әттең, дүние, шіркін-ай!!!
Береке-бітім келмедің.
Әз Тәукенің кезінде
Қазақтан туған асылдар
Өнеге болар ұрпаққа
Әйтеке мен Қазыбек
Әділін айтқан ер еді.
Терезем тең боп солармен,
Елімнің биік төрінен
Орын алған Төле едім.
Береке-бітім болғанда
Еңсесі биік ел едім.
Қайсы еліңнен кем едім.
Дастарханым дариядай
Құшағым досқа жайылған
Етек-жеңім кең едің.
Осынау үлкен өлкені
Сексен асып қартайып,
Жүре алмай тұрған шамамда,
Қайдасың, Төле демедің!!!







ӨСИЕТ

Байсалды


Өлені Төле бидікі
Сазы С.Оразбаевтікі




Оу! Бұл қаз-ақ-тың ба ла-с(ы)ау те-гін-де не-ні көр-ме-ген не-ше бір жай-сан ба-ла-с(ы)ау ше шен-де бол ып сөй-ле ген



кө-сем де бол-ған ой мен нен, бір ақ со ның бә рі де ыд(ы)-рап жат-қан қаз-ақ-тың қо-с(а)л-ма-д(ы)ау бас-та-рын Бей-біт жат - қан е - лім-ді




жау-лап а - лып қор қыл ды дү ни(е) ай Көк ат ты ке ліп көт де нен а - ай




Мен бо - ла-мын де-ген-дер ақ-та-ма-ды сен-ім-ді көк-рек қак-қан хан-да-рым лау-а-зым-ға та-ла-сып лау-а-зым-ға та-ла-сып



быт шыт қыл ды е лім ді а ай Бе-ре-ке бі-тім із-де-ген



та-б(а)ал-ма-дым бе-гім-ді а-л(а)ау-ыз бо-лып а-ғай ын аз дүш пан на же ңі ліп қай ыс тыр ды бе-лім ді ай тып ай тыл ке-те-ін



ұр - па - ғы - ма кей - ін - гі А - ай

